



ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ- ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі

Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру
бөлімінің басшысы Шахабаев Ермахан Шахабаевич

Түркістан – сәуір 2025 ж.

САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы:

21. ЖЖОКБҰ-ның білім беру қызметі Академиялық саясат негізінде жүзеге асырылады, **оқу процесін тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар, қағидалар және рәсімдер жүйесін** білдіреді.

22. Академиялық саясат ЖЖОКБҰ-ның алдында тұрған басымдықтар мен міндеттерді ескере отырып, білім беру саласындағы қолданыстағы заңнама негізінде әзірленеді және сақталады.

Академиялық саясаттың құрылымы мен бағыттарын ЖЖОКБҰ айқындайды.

34. Білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында ЖЖОКБҰ еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG-исиджи) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген **сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін** құрады және сақталуын қамтамасыз етеді...

Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз етудің стандарттары мен нұсқаулығы (ESG) 2015 жылғы 14-15 мамырда Еревандағы Министрлер конференциясында мақұлданған.

ESG жоғары оқу орындарында оқыту мен білім берудің, оқу ортасы мен ғылым және инновациямен тиісті байланысты қоса алғандағы сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының ғылыми зерттеу мен басқару сияқты өзінің басқа да қызмет түрлерінде сапаны қамтамасыз ету мен жақсарту үшін **саясат пен процестерді қолданады**. «Сапаны қамтамасыз ету» термині бұл құжатта сапаны үздіксіз жетілдіру циклі аясында (яғни, сапаны қамтамасыз ету және жетілдіру қызметтері) **барлық қызмет түрлерін сипаттау үшін қолданылады**.

САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Университетте білім сапасын қамтамасыз ету жүйесіне қойылатын талаптар [САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ](#) нде келтірілген.

Сапаны ішкі қамтамсыз ету жүйесінде университеттің **барлық қызмет түрлері қамтылуын қамтамасыз ету** үшін Академиялық саясаттының мазмұны Жоғары оқу орындары еуропалық білім кеңістігіндегі стандарттар мен жоғары білім сапасын қамтамасыз ету нұсқаулығы (ESG) контексінде әзірленді.

https://ayu.edu.kz/admin/ckeditor_files/files/ue-h-tu-002-2023-sapany-ishki-amtamasyz-etu-zh-jesini-.pdf

САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Университеттің барлық қызметін Академиялық саясат яғни Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі арқылы басқаруға қойылатын талаптар:

- университетте іске асырылатын барлық процестер Академиялық саясатта түгел қамтылуы тиіс;
- Академиялық саясатта немесе оның сілтемесіндегі ішкі нормативтік құжатта әр процестің егесі, жауаптылары, іске асыру реті т. б. сипаттамалары нақты көсетілуі тиіс;
- барлық процестердің нәтижелік көрсеткіштері Сапаны сыртқы қамсыздандыру және Сапаны қамсыздандыруды мемлекеттік бақылау жүйелерінің сапалық және сандық критерийлеріне бағдарланған болуы маңызды;
- **Академиялық саясаттың барлық процестеріне қатысты жоспарлау, іске асыру, тұрақты мониторинг, мерзімді талдау және ұдайы жақсарту процедуралары іске асырылуы тиіс.**

САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Академиялық саясатты мерзімді талдау және жақсарту процестерінің мерзімдері:

Академиялық департамент және университет құрылымдарымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенат мәжілісінің № 1 хаттама қаулысымен 28.08.2020ж. күні бекітіліп, 31.05.2019ж. № 9 Сенат қаулысымен енгізілген Академиялық саясаттың орнына енгізілді.

08.01.2021ж. күнгі № 5 кезектен тыс Сенат қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізілді.

14.09.2021ж. күнгі № 1 кезектен тыс Сенат қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізілді.

23.03.2022ж. күнгі № 7 кезектен тыс Сенат қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізілді.

31.08.2022ж. күнгі № 1 Сенат қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізілді.

20.04.2023ж. күнгі № 9 Оқу-әдістемелік комитет қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізілді.

30.09.2024ж. күнгі № 2 Сенат қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізіліп, бекітілді.

25.02.2025ж. №7 Оқу-әдістемелік комитет қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізілді.



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі

1. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Стратегияның индикаторлары мен көрсеткіштерін іске асыру жоспары жасалады.

ПОҚ, білім алушылар мен қызметкерлер арасында **сапа мәдениетін қалыптастыру**

Процестің барлық қатысушыларының жауапкершілігін бөлу

ESG стандарттары

САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Білім беру ұйымдарының сапаны қамтамасыз ету үшін жұртшылыққа қолжетімді және олардың стратегиялық менеджмент бөлігін құрайтын саясаты болуы керек. Ішкі мүдделі тараптар бұл саясатты сыртқы мүдделі тараптардың қатысуымен тиісті құрылымдар мен процестердің көмегімен әзірлеуі және жүзеге асыруы **тиіс**.

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

4 САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

4.1 Университеттің сапа саласындағы саясаты

4.2 Университеттің сапа саласындағы мақсаттары

4.3 Университеттің жоспарлау жүйесі

4.4 Білім сапасын іштей қамтамасыз ету жүйесі

4.5 Академиялық адалдықты қамтамасыз ету

Негізгі қағидалар:

Ғылым, оқыту және білім берудің өзара байланысы – ғылыми зерттеулер, дәрістер мен практикалық сабақтар бірін-бірі толықтыруы керек.

Ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкестік – университет елдің заңдарын және әлемдік білім беру тенденцияларын ескеруі тиіс.

Студенттер мен қызметкерлердің құқықтарын қорғау – кемсітушілікке, академиялық адалдықты бұзуға (мысалы, плагиатқа) және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу.

Барлық мүдделі тараптардың қатысуы – тек студенттер мен оқытушылар ғана емес, сонымен қатар жұмыс берушілер, қоғамдық ұйымдар және мемлекеттік органдар да сапаны жақсарту бойынша ұсыныстар енгізе алады.



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі

2.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ

ББ МЖМБС, ECTS, ҚР ЖБ ҰБШ, ҚРББ, кәсіби стандарттарға сәйкес келеді.

ББ еңбек нарығының талаптарын және жұмыс берушілердің үміттерін ескереді.

ОП тәжірибеге бағытталған.

ББ Оқыту нәтижелері ҚР ЖБ ҰБШ дескрипторларымен корреляцияланады

ББ-да құзыреттердің, оқу нәтижелерінің дәйектілігі қамтамасыз етіледі.

Микробіліктіліктің өзіндік мәні бар

ESG стандарттары

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ МЕН БЕКІТУ

Оқу орындарының өз бағдарламаларын әзірлеуі мен бекітуі үшін процестері болуы керек. Бағдарламалар қойылған мақсаттарға, сондай-ақ, күтілетін оқыту нәтижелеріне сәйкес болатындай әзірленуі тиіс.

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде тағайындалатын біліктілік нақты анықталуы және түсіндірілуі қажет, әрі жоғары білімнің ұлттық біліктілік шеңберлерінің белгіленген деңгейіне және тиісінше Жоғары білімнің еуропалық кеңістігі Біліктілік шеңберлеріне қатысты болуы тиіс.

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

5 БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ МЕН БЕКІТУ

5.1 Бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту

5.2 Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу мен бекіту

5.3 Пәннің оқу бағдарламаларын әзірлеу мен бекіту

5.4 Элективтік пәндер каталогын әзірлеу мен бекіту



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі

3. СТУДЕНТТІК ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ, ОҚЫТУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Пассивті емес, белсенді зерттеуге баса назар аудару

Сыни және аналитикалық зерттеу мен түсінуге баса назар аудару

Студенттің жауапкершілігі мен есептілігін арттыру

Студенттердің автономиясының жоғарылауы

Студент пен оқытушы тарапынан оқыту және оқыту процестеріне рефлексивті көзқарас.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігі

Білім алушыларға өмір бойы оқу жағдайлары жасалды.

ESG стандарттары

СТУДЕНТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ, САБАҚ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Оқу орындары мұндай білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында оқу процесін ұйымдастыруға белсенді қатысқан студенттерді ынталандырып, ал студенттердің үлгерім бағасы осы көзқарасты көрсетуін қамтамасыз етуі тиіс.



АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

6.1 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру

6.2 Білім алушының жеке оқу жоспарын әзірлеу, бекіту және оларды пәнге тіркеу

6.3 Аудиториялық дәрістерді ұйымдастыру

6.4 Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру

6.5 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау

6.7 Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру

6.8 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі

4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМІ, ТАНУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

Қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау рәсімдері білім алушылардың әртүрлі санаттарының мүдделерін барынша ескереді.

Білім беру бағдарламаларына өтініш беру, іріктеу және түсу саясаты мен рәсімдері ашық және қолжетімді.

Білім беру бағдарламаларына үміткерлерді іріктеу әдістері білім беру бағдарламасының оқу нәтижелерін табысты игеру үшін әлеуеті бар білім алушыларды іріктеуге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың жетістіктерін есепке алу білім алушылардың білімін бағалаудың объективтілігі қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады; білім алушылардың білімін бағалаудың ашықтығы; білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды жүргізудегі жүйелілік; білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алудың әртүрлі нысандарын пайдаланудағы реттілік.

Ресми және бейресми білім беруді оқыту нәтижелерін тану тетіктері құжатталған.

Қабылдау, бағалау, тану, сертификаттау және шығарудың барлық процедуралары өзекті болып табылады.

ESG стандарттары

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ОЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІ, ТАНУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

Оқу орындары студенттік «өмір циклдерінің» барлық кезеңдерін қамтитын, алдын-ала белгіленген және жарияланған ережелерді бірдей қолдануы тиіс, яғни студенттерді қабылдау, үлгерім, біліктіліктерді тану және сертификаттау.

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

- 7.1 Білім алушыларды оқуға қабылдау
- 7.2 Білім алушылардың үлгерімі
- 7.3 Біліктіліктерді тану
- 7.4 Білім алушыларды сертификаттау
- 7.5 Академиялық ұтқырлық
- 7.6 Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау
- 7.7 Білім алушыны оқудан шығару, академиялық демалыс беру
- 7.8 Оқу ақысын төлеу
- 7.9 Түлектердің жұмысқа орналасуы және оған мониторинг жүргізу



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі

5. ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

Жұмысқа қабылдау, қызметкерлердің кәсіби өсуі мен дамуы процедуралары жарияланды және ашық. Оқытушылар оқыту мен оқытудың әдістері мен стратегияларын таңдауда академиялық еркіндікке ие. ПОҚ ЖЖОКБҰ тарапынан кәсіби даму мүмкіндігімен қамтамасыз етілген. ПОҚ қызметінің тиімділігін бағалау рәсімдері айқындалған, құжатталған және ынталандырушы негізге ие

ESG стандарттары ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

Оқу орындары өздерінің оқытушылық құрамының құзыреттілігіне сенімді болуы тиіс.

Олар өз қызметкерлерін жұмысқа қабылдау мен дамытуда әділ және ашық процестерді қолдануы қажет.



АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ КАДР САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

- 8.1 Профессор оқытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық негізде тағайындау
- 8.2 Профессор оқытушылардың біліктілігін арттыру
- 8.3 Профессор оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары
- 8.4 Профессор оқытушылардың академиялық ұтқырлығы
- 8.5 Профессор-оқытушылар құрамының рейтингілік көрсеткіштерін анықтау
- 8.6 Сыбайлас жемқорлық қарсы іс-қимыл саясаты
- 8.7 Персоналды қолдау



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі


6. ОҚУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ

Оқу ресурстары мен қызметтеріне шексіз қол жетімділік барлық оқу кезеңі ішінде әрбір білім алушыны қолдау. Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін оңтайлы жағдайлар. Студенттік өзін-өзі басқару және оқушылардың ЖЖОКБҰ өміріне белсенді қатысуы үшін серіктестік жағдайлар. Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру және нығайту үшін қолайлы жағдайлар. Білім алушылар үшін оқу және тұрғылықты жері бойынша қолайлы жағдайлар жасалған.

ESG стандарттары

ОҚУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ

Оқу орындары оқыту мен оқытушылық қызмет үшін жеткілікті қаржыландырудың болуын, білім беру ресурстары мен студенттерді қолдау тәсілдері адекватты және жеңіл қолжетімді болуын қамтамасыз етуі тиіс.



АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

- 9.1 Оқу ресурстары
- 9.2 Білім алушыларды ақпараттық және академиялық қолдау жүйесі
- 9.3 Білім алушыларды әлеуметтік қолдау және азаматтық-патриоттық тәрбие беру жүйесі
- 9.4 Инклюзивті білім беру жүйесі
- 9.5 Шетелдік білім алушылар мен талапкерлерді визалық қолдау



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі

7. АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

Бағдарламалар мен процестерді барлық бағыттар бойынша тиімді басқару үшін тиісті ақпаратты жинау, талдау және пайдалану процедуралары анықталдықызметі.


Басқарудың әртүрлі деңгейлері, құрылымдық бөлімшелер, ПОҚ және білім алушылар арасында білім беру сапасын қамтамасыз етуге байланысты аспектілер бойынша ақпарат алмасудың тиісті процестерін қолдану қамтамасыз етілді.

Негізгі мүдделі тараптар үшін қажеттіліктер мен үміттерді анықтау үшін жағдайлар жасалған ЖЖОКБҰ шешім қабылдау кезінде сенімді ақпаратты пайдаланады.

Ақпараттың сақталуы қамтамасыз етілді.

ESG стандарттары АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

Оқу орындары өз бағдарламалары мен басқа да қызмет бағыттарын тиімді басқару үшін тиісті ақпарат жинақтауға, талдауға және оны пайдалануға кепіл болуы керек.



АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ
10 Ақпаратты басқару



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі

8. ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

Жұртшылыққа ұсынылатын ақпараттайқын, дәл, объективті, өзекті және қол жетімді.

Ақпараттық ресурстарда берілген ақпарат стейкхолдерлердің белгілі бір топтарына бағытталған.

Тұтынушылардың және басқа да мүдделі тараптардың сеніміне кепілдік беретін ақпараттық қауіпсіздік қамтамасыз етілген.

Web-ресурстардағы ақпарат тұрақты негізде өзектендіріледі.

ESG стандарттары

ЖҰРТШЫЛЫҚҚА ХАБАРДАР ЕТУ

Оқу орындары өздерінің қызметтері (соның ішінде білім бағдарламалары) туралы анық, нақты, шынайы, өзекті және жеңіл қолжетімді болатын ақпаратты жариялауы керек.



АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

11 Жұртшылыққа хабардар ету



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі

9. БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ МЕРЗІМДІ БАҒАЛАУ

Бағдарламаларға мониторинг және мерзімді шолу жүйелі түрде жүргізіледі және құжатталады (институционалдық деңгейде және бөлімшелер деңгейінде).

Бөлімше және алқалы органдар деңгейінде әдістемелік қамтамасыз етудің тұрақты (жыл сайынғы) сараптамасы жүргізіледі.

Жұмыс берушілерді тарта отырып, жыл сайынғы талдау және пәндер каталогын кеңейту жүргізіледі.

Нәтижелерді бөлісу, талқылау және түсіндіру механизмі құрылды.

ЖЖОКБҰ бағдарламаларды мониторингілеу және мерзімді бағалау процестерінің нәтижелерінде тұрақты бағдарламаларды жетілдіру.

ЖЖОКБҰ барлық өзгерістердің жариялануын қамтамасыз етеді.

ESG стандарттары

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ МОНИТОРИНГІ МЕН КЕЗЕҢДІК БАҒАЛАНУЫ

Оқу орындары өздерінің алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін және студенттер мен қоғамның сұраныстарына жауап беретін білім бағдарламаларына мониторинг жүргізуі, мерзімді бағалауы және қайта қарауы қажет. Бұл шолулардың нәтижелері бағдарламаларды тұрақты жетілдіруге алып келуі тиіс. Кез-келген жоспарланған қызмет немесе алынған нәтижелер барлық мүдделі тараптардың назарына жеткізілуі тиіс.



АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

12 Бағдарламалардың тұрақты мониторингі мен кезеңдік бағалануы



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі

10. МЕРЗІМДІ СЫРТҚЫ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ЖЖКБ жүйелік негізде сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдеріне қатысады. Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерінің қорытындысы бойынша қызметті жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, іске асырылады.

Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерінің нәтижелері ЖЖКБ қызметін жақсарту үшін пайдаланылады.

ESG стандарттары

Сапаны кезеңдік сыртқы қамтамасыз ету

Оқу орындары циклдік негізде ESG-ге сәйкес сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерінен өтуі керек.



АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

13 Сапаны кезеңдік сыртқы қамтамасыз ету

ЖАУАПКЕРШІЛІК

Институционалдық деңгей

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты іске асыру үшін негізгі жауапкершілік ректор мен сала бойынша вице-ректорларға жүктеледі.

Сапаны қамтамасыз ету комитеті барлық құрылымдық бөлімшелердің, мүдделі тараптардың (ішкі және сыртқы) және лауазымды тұлғалардың сапаны қамтамасыз ету саясатын жүзеге асыру бойынша қызметін үйлестіруге жауапты болады.

Локалдық деңгей

Сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы мен мүшелері, құрылымдық бөлімдердің басшылары мен қызметкерлері өз қызметінің сапасына жауапкершілік алып, жоғары оқу орнының барлық кезеңдерінде, деңгейлерінде және бағыттарында сапаны қамтамасыз ету үдерісіне қатысады.

ОПҚ деңгейі

Оқытушы-профессорлар құрамы оқыту мен білім беру сапасына, ал қажет болған жағдайда ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасына жауапкершілік алып, жоғары оқу орны қызметінің барлық кезеңдерінде, деңгейлерінде және бағыттарында сапаны қамтамасыз етуге қатысады.

Білім алушылар деңгейі

Білім алушылар оқу сапасы мен оқу пәні/модулі, білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін меңгеруге жауапты болады және жоғары оқу орны қызметінің барлық кезеңдерінде, деңгейлерінде және бағыттарында сапаны қамтамасыз етуге қатысады.

Сыртқы мүдделі тараптар деңгейі

Сыртқы мүдделі тараптар жоғары оқу орны қызметінің барлық кезеңдерінде, деңгейлерінде және бағыттарында сапаны қамтамасыз ету үдерісіне қатысады.



ВНУТРЕННЕЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ КАЧЕСТВА ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

п.34 ТИПОВЫХ ПРАВИЛ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОВПО:

- 1 ОВПО создает и обеспечивает соблюдение системы внутреннего обеспечения качества, основанного на международных стандартах и руководствах ESG
- 2 На базе факультета (школы) ОВПО формируется **совет (комитет, комиссия) по академическому качеству**

Принимает решения по:

- ✓ содержанию и условиям реализации ОП
- ✓ по политике оценивания и другим академическим вопросам факультета (школы)

Проводит анкетирование обучающихся:

- ✓ На соответствие качества ОП и (или) дисциплин/модулей
- ✓ На наличие фактов нарушения академической честности

Проблемы

- Неясность места таких органов в структуре ОВПО и его иерархической принадлежности, целях и задачах
- Формальный подход к формированию и его деятельности
- Низкая активность обучающихся-членов советов в обсуждении вопросов и представлении интересов студенческого сообщества.

Решение:

- Формирование Комитетов по качеству на уровне ОВПО
- Принятие рамочных рекомендаций по организации деятельности **Комитета по обеспечению качества в ОВПО**
- Проведение семинаров и других мероприятий информационно-разъяснительного характера

Функции Комитета по обеспечению качества в ОВПО:

- оценка образовательных программ а) на соответствие установленным целям, включая результаты обучения, б) на мотивацию обучающихся к активной роли, в) на обеспечение компетентными преподавателями и учебно-материальными и информационными ресурсами;
- анализ результатов внутренней и внешней оценки качества образования;
- мониторинг и оценка качественного состава контингента, входных, выпускных требований к обучающимся;
- рассмотрение обращений обучающихся и ППС по вопросам обеспечения академического качества и соблюдения принципов академической честности;
- разработка рекомендаций по совершенствованию стандартов, процедур, механизмов, условий и методов обеспечения качества и улучшению качества учебного процесса;
- консультация и экспертное сопровождение по вопросам обеспечения качества;
- подготовка отчета об обеспечении качества, его представление в высшем коллегиальном органе ОВПО и информирование общественности.

САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы

34. ЖЖОКБҰ факультетінің (мектептің) базасында білім беру бағдарламаларының мазмұны және оларды іске асыру жағдайы бойынша, бағалау саясаты және факультеттің (мектептің) өзге де академиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын (комитет, комиссия), білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер сапасының сәйкес келуіне, академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуына білім алушылар арасында сауалнама ұйымдастыратын академиялық сапа жөніндегі кеңес құрылады, ол мыналарды қамтиды:

- 1) сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;
- 2) бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту;
- 3) студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау;
- 4) білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау;
- 5) оқытушылар құрамы;
- 6) оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі;
- 7) ақпаратты басқару;
- 8) жұртшылықты хабардар ету;
- 9) тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау;
- 10) сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы

20. ЖЖОКБҰ инклюзия, тұрақты даму, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет құндылықтарын қалыптастыруға, сондай-ақ ғылыми зерттеу дағдыларын дамытуға, тіршілік қауіпсіздігі мен экологияны қамтамасыз етуге бағытталған МЖМС талаптарына және кәсіптік стандарттарға (бар болса) сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

ЖЖОКБҰ жасанды интеллектіні қолдану бойынша құзыреттерді игеруге бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады.

ЖЖОКБҰ-да білім беру бағдарламаларын әзірлеумен ЖЖОКБҰ басшысының бұйрығымен құрылатын академиялық комитеттер айналысады, олардың құрамына академиялық персоналдың, жұмыс берушілердің, білім алушылардың өкілдері кіреді.

САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

(ESG)

<https://ayu.edu.kz/kz/2791/ic-kalite-guvence-sistemi-yonergesi>

Сапа жөніндегі кеңес

Академиялық комитет

<https://ayu.edu.kz/kz/4321/akademik-komite>

Функция

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу
Білім беру бағдарламаларын жаңарту
Білім беру бағдарламаларын бағалау

Оқу-әдістемелік Комитеті

<https://ayu.edu.kz/kz/4262/fakulte-egitim-ve-metodoloji-komitesi>

Функция

Оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету

Факультет кеңесі

Функция

Факультетті басқару



Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия

<https://ayu.edu.kz/kz/4261/->

Функция

Контингенттің сапалық құрамын,
білім алушыларды қабылдау және
білім беру бағдарламаларының іске асыру нәтижелеріне
мониторинг жасау және бағалау

1. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

КҮШТІ ЖАҒЫ

1.Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің ESG, аккредиттеу органдарынын стандарт талаптарына және Ғылым және жоғары білім министрлігінің талаптарына сәйкестігі;

2.Университет саясаты:

- стратегиялық негізі бар,
- тұрақты сапа жүйесін құруға бағытталған,
- ESG 1.1 маңызды принциптерін көрсетеді: ашықтық, ресми, циклдік, Академиялық адалдық.

3. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлімдерінің мақсаттары мен міндеттерінің, сондай-ақ жұмыс жоспарлары үйлестірілді.

ӘЛСІЗ ЖАҒЫ

1. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесіне университет деңгейінде басшылық жүргізетін алқалы басқару органын болмауы;
2. ISO 9001 Сапа менеджменті жүйесі және ESG Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің қатар жүргізілуі;
3. Ғылым, оқыту және білім берудің өзара байланысы нақты көрсетілмеген

ҚР ҒЖБМ МОНИТОРИНГІ 2023ж.



2.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ

КҮШТІ ЖАҒЫ

1. Бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту рәсімдері нақты жазылған (5.1.1–5.1.3-т.) – ESG 1.2 талабы бойынша ресми рәсімдердің бар екені көрініс тапқан.

2. Мүдделі тараптардың қатысуы қамтамасыз етілген – академиялық комитеттер құрамына оқытушылар, жұмыс берушілер және білім алушылар енгізілген (5.1.2-т.).

3. Оқыту нәтижелері ECTS, ұлттық және еуропалық біліктілік шеңберлеріне сәйкес келеді (5.1.3–5.1.4-т.) – бұл ESG 1.2-нің басты талаптарына толық сәйкес келеді.

4. Модульдік құрылым мен пәндердің өзара байланысы сақталған (5.1.5–5.1.7 және 5.2.7-т.) – оқу бағдарламасы логикалық, кезең-кезеңмен жоспарланған.

5. Major–Minor жүйесі арқылы жеке оқу траекториясын құру мүмкіндігі қарастырылған (5.1.8–5.1.10-т.) – бұл икемді және бірегей білім алуға жағдай жасайды.

6. Бағдарламалар мемлекеттік стандарттарға сәйкес келеді және тіркеуден өтеді (5.1.11, 5.1.13-т.) – ұлттық талаптарға сәйкестігі қамтамасыз етілген.

7. Кәсіптік практика мен дипломдық жұмыстар оқу процесіне енгізілген (5.2.2, 5.2.5-т.) – бұл студенттердің тәжірибелік дағдыларын дамытуға бағытталған.

8. Элективті пәндер каталогы жұмыс берушілер мен білім алушылардың ұсыныстарын ескере отырып қалыптастырылады (5.4-бөлім) – бұл икемділік пен еңбек нарығына бейімделуді көрсетеді.

9. Университет түлектерінің атрибуттары талқыланып, бекітілген

ӘЛСІЗ ЖАҒЫ

1. Институционалдық стратегиямен байланыс ашық көрсетілмеген – бағдарламалар университет миссиясына сәйкес әзірленеді (5.1.3), бірақ институционалдық даму стратегиясымен байланысы нақты көрсетілмеген.

2. Сыртқы сараптаманың қолданылуы айтылмаған – бағдарламаларға тәуелсіз сарапшылардың қатысуы (мысалы, сала мамандары немесе шетелдік серіктестер) туралы айтылмаған.

3. Білім алушылардың және жұмыс берушілердің қатысуы формалды сипатта – студенттердің қатысатыны жазылғанмен (5.1.2), нақты механизмдер (сауалнама, фокус-топ, талқылау) ашылмаған.

4. Еуропа Кеңесінің жоғары білім берудегі 4 мақсаты (жеке тұлғалық даму, жұмысқа орналасуға дайындық, азаматтық белсенділік, ғылыми әлеует) айтылмаған.

6. Академиялық комитеттерінің жұмыстарында формализмге жиі жол беріледі.

SWOT талдау

S (strenght) – Күшті жақтары	W (weakness)–Әлсіз жақтары	O (opportunity)	T(threat)
- Білім беру бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу үшін ОПК-ның ғылыми-педагогикалық дәрежесінің жоғары болуы; - ОПК-ның осы сала бойынша Scopus, Web of Science базаларында мақалалары жариялануы; - Әр пәнде игерілген құрыртерге сай оқытудың соңғы нәтижелері Бәум тақсономиясының деңгейлеріне сәйкес қалыптасуы; - Жұмыс берушілермен қарым-қатынастың жүйеленіп, дуальды білім беру бағдарламасының жұмыс жасауы;	- ОПК шет елдік ЖОО-да тәжірибе (ғылыми тағалымдама) алмасу деңгейі төмен; - Қазақстандық ЖОО-да және шетелдік ЖОО-да ОПК-ның академиялық ұтқырлықпен дәріс оқу көрсеткішінің төмендігі; - Мамандық бойынша соңғы 10 жылда баспадан шыққан оқу құралдарының жеткіліксіздігі; - Кафедраның ОПК ғылыми дәрежесін жасарту;	- білім беру бағдарламасының кәсіби қызмет көрсету салалары бойынша бағдарламаға жұмыс берушілер ұсыныстары бойынша мамандық пилдерін қосу мүмкіндігі; - Жаңа технологиялар қолдану мүмкіндігі; - ОПК және білім алушылардың ағылшын тіл деңгейін күшейту мүмкіндігі;	- Материлдық-техникалық базаның тозуы; - Кітапхана қорындағы мамандыққа арналған оқу құралдарының ескіруі; - Ағылшын тілі және түрік тілінде халықаралық сертификаты бар оқытушылар санының аздығы; - Бәсекелестіктің күшеюі; - Пандемия әсерінен шетелдерде ОПК-ның біліктілігін арттыруының төмендеуі.

3. СТУДЕНТТІК ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ, ОҚЫТУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

КҮШТІ ЖАҒЫ

1. Студенттің білім траекториясын еркін таңдауының нақты рәсімдері бар.
2. Сабақ беру әдістерінің және формаларының көптүрлілігі.
3. Студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру сапалы деңгейде жүзеге асады.
4. Бағалау жүйесі ашық әрі алдын ала жарияланады.
5. Студенттің академиялық еркіндігі мен икемділікті қамтамасыз ететін механизмдер бар.
6. Академиялық адалдық пен плагиаттың алдын алу бойынша талаптар анық белгіленген.

ӘЛСІЗ ЖАҒЫ

1. Оқыту сапасына қатысты шағымдарды беру механизмі толық көрсетілмеген
2. Мүмкіндігі шектеулі студенттердің қажеттіліктері толық қарастырылмаған
3. Оқыту әдістерінің тиімділігін талдау механизмі жоқ
4. Оқытушылардың біліктілігін арттыру қажеттілігі жанама түрде ғана көрсетілген

4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМІ, ТАНУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

КҮШТІ ЖАҒЫ

1. Процедуралардың бірізділігі мен ашықтығы:

- Студенттің бүкіл «өмірлік циклын» (қабылдау, оқу үлгерімі, тану және сертификаттау) қамтитын нақты әрі бірізді рәсімдер бекітілген.
- Бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейлеріне қабылдау талаптары нақты сипатталған.
- Қабылдау рәсімдері мен критерийлері университет сайтында жарияланады.

2. Студенттерге бейімделу мен қолдау шаралары:

- Қабылданған студенттер үшін тілдік деңгейін анықтауға арналған диагностикалық тестілеу қарастырылған.
- Шетелдік студенттер үшін қазақ және түрік тілдерін меңгеру міндетті болып табылады.

3. Үлгерімді мониторингтеу мен талдау:

- Оқу жетістіктерінің статистикасы Bell Curve (нормалық үлестірім) негізінде бағаланады.
- Нәтижелерге талдау жасалып, қажетті түзету шаралары қарастырылады.

4. Біліктілікті тану және нострификациялау жүйесі:

- Формальды, формальды емес және кәсіптік білім беру нәтижелерін тану рәсімдері егжей-тегжейлі сипатталған.
- Тану рәсімдері Лиссабон конвенциясы және ENIC/NARIC орталықтары аясындағы нормаларға сәйкес жүзеге асады.
- Біліктілікті тану жөніндегі арнайы комиссияның жұмысы регламенттелген.

5. Сертификаттау және диплом беру:

- Диплом беру рәсімдері, қосымшалар және сертификаттау талаптары нақты көрсетілген.
- Құжаттардың мазмұны ұлттық білім беру жүйесіне сәйкес келеді.

6. Академиялық ұтқырлық:

- Ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық толық жүзеге асырылады, кредиттер қайта есептеледі, оқу процесі бақыланады.

7. Оқудан шығару мен академиялық демалыс:

- Студентті оқудан шығару және академиялық демалыс беру негіздері мен тәртібі нақты жазылған.

4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМІ, ТАҢУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

ӘЛСІЗ ЖАҒЫ

1. Инклюзия саясатының болмауы:

- Ерекше қажеттілігі бар немесе әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы студенттер үшін қолдау шаралары нақты көрсетілмеген.

2. Студенттердің бейімделуіне жеткіліксіз назар аудару:

- Университетке бейімделу кезеңіне арналған жүйелі қолдау құралдары (менторлық, таныстыру курстары) көрінбейді.

3. Түлектерді жұмысқа орналастыру мониторингі бойынша кері байланыстың жеткіліксіздігі:

- Жұмысқа орналасу көрсеткіштері көрсетілгенімен, бұл деректердің оқу бағдарламаларын жақсарту үшін қалай қолданылатыны жазылмаған.

4. Процедуралардың формалдылығы мен көлемділігі:

- Кейбір бөлімдер ұлттық нормативтік құжаттарды қайталап, құжат көлемін арттырады.

5. Студенттердің қанағаттану деңгейі ескерілмеген:

- Қабылдау, оқу үлгерімі және біліктілікті тану рәсімдеріне байланысты студенттердің пікірін жинау туралы айтылмаған.

6. Университетте сапа мәдениетінің төмендігі:

- Емтихан материалдарына сараптаманың болмауы (45,8%).

5. ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

КҮШТІ ЖАҒЫ

1. Әділ және ашық қабылдау рәсімдері:
 - Жұмысқа қабылдау конкурс негізінде жүзеге асырылады.
 - Лауазымдарға қойылатын нақты талаптар мен конкурстық тәртіптер көрсетілген.
 - Комиссия құрамы, өкілеттігі және шешім қабылдау процедуралары нақты жазылған.
2. Кәсіби дамуға қолдау көрсету:
 - ПОҚ үшін әр үш жыл сайын біліктілікті арттыру курстары міндетті.
 - Қашықтан оқыту, тағылымдамалар, кадр резерві жүйесі қарастырылған.
 - Жаңашыл оқыту әдістерін енгізуге жағдай жасалады.
3. Ғылыми қызмет:
 - ҒЗЖ ұйымдастыру, есеп беру және ынталандыруға арналған нақты ережелер бар.
 - Ғылыми жобаларды коммерцияландыру, патент алу, халықаралық журналдарға мақала жариялау көзделген.
4. Академиялық ұтқырлық:
 - ПОҚ-тың академиялық ұтқырлығы жүйелі жолға қойылған.
 - Командировкалардың реті, есебі және құжаттары нақты белгіленген.
5. Нәтижелілікке баға беру:
 - Ішкі рейтинг жүйесі арқылы ПОҚ еңбегі бағаланады.
 - Рейтинг нәтижесі сыйақылармен және еңбекақыны көтерумен байланыстырылған.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат:
 - Белсенді алдын алу шаралары қарастырылған.
 - Құқық қорғау органдарымен байланыс қарастырылған.
7. Әлеуметтік қолдау:
 - Профсоюз тарапынан әлеуметтік көмек, жолдамалар, демалыс шаралары ұйымдастырылады.

ӘЛСІЗ ЖАҒЫ

1. Студентке бағытталған оқытудың рөлі жеткіліксіз көрсетілген (ESG 1.3-пен байланысы әлсіз)
2. Студенттердің оқытушыларды бағалау жүйесі толық ашылмаған
3. Жас оқытушыларды қолдау жүйесі жоқ
4. Оқыту нәтижелері мен студенттердің кері байланысы оқытушылардың біліктілігін арттырумен байланыспаған
5. Оқытудағы инновация мәселесі нақты ашылмаған

6. ОҚУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ

КҮШТІ ЖАҒЫ

1. Дамыған инфрақұрылым:

- Университетте оқу ғимараттары, аудиториялар, зертханалар, кітапханалар, жатақханалар, асханалар сияқты материалдық ресурстар толық сипатталған. Бұл ESG талаптарына сай.

2. Ақпараттық қолдаудың қамтамасыз етілуі:

- Студенттер университет сайтына, кітапханаға, қашықтықтан оқыту жүйесіне еркін кіре алады.
- Электрондық кітапхана тәулік бойы қолжетімді.

3. Көптілді қолдау:

- Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі оқу ресурстарына қолжетімділік қамтамасыз етілген.

4. Академиялық қолдау жүйесінің тиімділігі:

- Эдвайзерлер, тіркеу офисі, студенттерге қызмет көрсету орталығы, тәжірибе және жұмысқа орналастыру орталығы жұмыс істейді.
- Эдвайзерлер студенттерді оқу барысында бағыттап, жеке оқу траекторияларын құруда қолдау көрсетеді.

5. Әлеуметтік қолдау жүйесі:

- Әлеуметтік осал топтарға жататын студенттерге арналған жеңілдіктер мен көмек қарастырылған.
- Студенттік өзін-өзі басқару және тәрбие жұмыстары жақсы ұйымдастырылған.

6. Инклюзивті білім беру:

- Арнайы бөлім студенттердің ерекше білім беру қажеттіліктеріне бейімделген ресурстар мен әдістемелерді жан-жақты сипаттайды.
- Материалдар мен инфрақұрылым бейімделіп, ерекше қажеттіліктерге икемделген.

7. Шетелдік студенттерге визалық қолдау:

- Визалық рәсімдеу, тіркеу және бақылау заңды және реттелген түрде жүзеге асырылады, жауапкершілік тараптар арасында бөлінген.

ӘЛСІЗ ЖАҒЫ

1. Сандық көрсеткіштердің жоқтығы:

- Қанша студентке қызмет көрсетілетіні, ресурстармен қамтамасыз етілу деңгейі (мысалы, студенттерге шаққандағы компьютерлер мен кітаптар саны) көрсетілмеген. Бұл объективтілікті арттыра түсер еді.

2. Қызметкерлер біліктілігі туралы ақпараттың болмауы:

- ESG стандарты техникалық және әкімшілік қызметкерлердің біліктілігін арттыруды маңызды деп санайды, алайда мұндай бағдарламалар туралы ақпарат жоқ.

3. Қызмет сапасын бағалау жүйесінің жеткіліксіздігі:

- Қолдау және ресурстар сапасына ішкі бақылау жүйесі, студенттердің пікірін ескеру тәсілдері сипатталмаған.

4. Оқытудың икемділігі туралы ақпараттың шектеулігі:

- Студентке бағдарланған оқыту мен икемді модельдер (мысалы, кешкі, модульдік курстар) туралы ақпарат толық емес.

7. АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

КҮШТІ ЖАҒЫ

1. Ақпаратты басқарудың нормативтік базасы:

- Құжат айналымы номенклатурасы және құжатталған ақпаратты басқару процестері нақты көрсетілген, бұл ақпаратты жинау мен сақтаудың құрылымдалған тәсілін көрсетеді.

2. Автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді қолдану:

- Университет Platonus, IRBIS-64, 1С және мемлекеттік ресурстарды пайдалана отырып, оқу, кітапхана, әкімшілік және қаржылық қызмет бойынша ақпаратты орталықтандырылған түрде басқарады.

3. Ішкі ақпарат алмасу арналарын қамтамасыз ету:

- Оқытушылар, студенттер және құрылымдық бөлімдер арасында жеке кабинет, электрондық пошта, университет сайты және ААЖ арқылы ақпарат алмасу үдерістері белгіленген.

4. Жеке деректерді қорғау:

- Университет қызметкерлері, ПОҚ және студенттердің жеке деректерін өңдеуге келісім алу тәртібі регламенттелген.

ӘЛСІЗ ЖАҒЫ

1. Жиналатын ақпараттың нақты түрлері мен мақсаттары көрсетілмеген:

- Қандай көрсеткіштер жиналатыны және олардың сапаны арттыруда қалай қолданылатыны белгісіз (мысалы, студенттердің қанағаттану деңгейі, бітірушілер статистикасы, академиялық жетістіктер мен шығындар).

2. Студенттер мен қызметкерлердің деректерді талдауға қатысуы көрсетілмеген:

- ESG стандарты барлық мүдделі тараптардың деректерді жинау мен талдауға қатысуын талап етеді, бірақ бұл мәселе бөлімде қамтылмаған.

3. Ақпаратты басқару процесінің тиімділігін бағалау механизмдері көрсетілмеген:

- Деректердің дұрыстығы, өзектілігі мен толықтығы қалай тексерілетіні немесе қателер қалай түзетілетіні түсіндірілмеген.

4. Бітірушілердің мансаптық дамуы туралы деректер жоқ:

- ESG 1.7 стандартында бітірушілердің жұмысқа орналасуы мен мансаптық өсуі маңызды көрсеткіш ретінде танылған, бірақ бұл аспект ескерілмеген.

5. Сапа менеджменті жүйесімен байланысы нақты көрсетілмеген:

- Ақпарат жинау мен талдау үдерістері ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесіне қалай ықпал ететіні ашылмаған.

8. ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

КҮШТІ ЖАҒЫ

1. Ресми сайт пен нормативтік регламенттердің болуы:

- Университеттің ресми сайтының құрылымы нақты сипатталған, сайтты басқару тәртібі ішкі ережелермен реттелген. Бұл ESG талаптарына – ақпараттың қолжетімділігі мен анықтығына сай келеді.

2. Көптілділік:

- Сайт қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Бұл халықаралық аудитория үшін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

3. Әртүрлі аудиторияны ескеру:

- Ақпарат болашақ студенттерге, білім алушыларға, түлектерге, қызметкерлерге және қоғамға арналған, бұл ESG стандартына сай әртүрлі мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қамтиды.

4. Ақпараттың нақтылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету:

- Контентке жауапты құрылымдық бөлімшелер мен ережелер белгіленген. Заңнамаға қайшы келетін немесе этикалық емес материалдарды жариялауға тыйым салынған.

5. Ақпараттық қауіпсіздік:

- Хакерлік шабуылдарға қарсы резервтік көшірмелер жасау мен алдын алу шаралары қарастырылған.

6. Ақпараттың ашықтығы:

- Сайттағы барлық материалдар жалпыға қолжетімді екені көрсетілген.

ӘЛСІЗ ЖАҒЫ

1. Мазмұндық ақпараттың нақты еместігі:

- Сайтта білім беру бағдарламалары, қабылдау шарттары, оқыту нәтижелері, біліктілік атақтары, бағалау процедуралары туралы мәліметтердің бар екені нақты көрсетілмеген.

2. Түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтің жоқтығы:

- ESG бойынша түлектердің еңбек нарығындағы жағдайы туралы ақпарат болуы керек, алайда ол бөлімде жоқ.

3. Ақпараттың өзектілігін бақылау тетігі көрсетілмеген:

- Ақпараттың жаңартылып отыруын кім бақылайды, ескірген материалдар қалай жойылады – бұл сұрақтарға жауап жоқ.

4. Пайдаланушылардан кері байланыстың болмауы:

- Студенттер мен басқа да пайдаланушылардың пікірлері мен ұсыныстарын жинайтын механизмдер қарастырылмаған.

9. БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ МЕРЗІМДІ БАҒАЛАУ

КҮШТІ ЖАҒЫ

1. Рәсімделген ішкі ережелердің болуы:

- Бағдарламаларды мониторингтеу, бағалау және қайта қарау рәсімдері ішкі құжатпен («Бағдарламаларды әзірлеу және жаңарту ережесімен») реттелген.

2. Тұрақты түрде өткізілуі:

- Академиялық комитеттер жыл сайын өзіндік бағалау жүргізіп отырады.

3. Ішкі құрылымдардың белсенді қатысуы:

- Бағдарламаларды факультеттік сапа комиссиясы, оқу-әдістемелік кеңестер және университеттік құрылымдар қадағалайды.

4. Ұлттық талаптармен байланысты:

- Бағдарламалар жаңартылған соң ҚР ҒЖБМ-нің Тізіліміне тіркеліп, қайта рәсімделеді.

ӘЛСІЗ ЖАҒЫ

1. Бағалау мазмұны нақты көрсетілмеген:

- Мониторингте қандай аспектілер бағаланатыны ашып көрсетілмеген (мазмұн өзектілігі, студенттердің қанағаттануы, жүктеме, бағалау әдістері т.б.).

2. Студенттер мен сыртқы мүдделі тараптардың қатысуы көрсетілмеген:

- ESG 1.9 талабына сәйкес студенттер мен сыртқы тараптар (жұмыс берушілер, түлектер) бағдарламаларды қайта қарауға қатысуы тиіс, алайда бұл көрсетілмеген.

3. Кері байланыс пен мәліметтерді талдау процесі сипатталмаған:

- Студенттер, оқытушылар мен басқа тараптардан алынған мәліметтер қалай талданып, бағдарламаларды жетілдіруге қалай ықпал ететіні көрсетілмеген.

4. Жаңартылған бағдарламалардың жариялануы туралы айтылмаған:

- ESG талабы бойынша жаңартылған бағдарламалар ашық жариялануы тиіс, бұл бөлімде бұл жағы көрсетілмеген.

10. МЕРЗІМДІ СЫРТҚЫ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

КҮШТІ ЖАҒЫ

1. Сапаны сыртқы қамтамасыз етудің әртүрлі формалары қамтылған:

- Лицензиялау, аккредиттеу, профилактикалық бақылау, бағдарламаларды тіркеу, рейтингтерге қатысу сынды негізгі рәсімдер толық көрсетілген.

2. Әрекеттер алгоритмі нақты сипатталған:

- Университет тарапынан сыртқы бағалауға дайындық, бұйрық шығару, өзін-өзі бағалау, есеп әзірлеу және рәсімдерді ұйымдастыру сатылары нақты көрсетілген.

3. Ішкі сапа жүйесімен байланыс:

- Сыртқы бағалау нәтижелері ішкі сапа үдерістерінің тиімділігін талдауға ықпал ететіні айтылған.

4. Бағалаудан кейінгі іс-шаралар жоспары:

- Әр сыртқы рәсімнен кейін жетілдіру шаралары жоспарланып, жүзеге асырылады.

5. Ашықтық:

- Сапаны сыртқы қамтамасыз ету нәтижелері университет сайтында жарияланады.

ӘЛСІЗ ЖАҒЫ

1. Мүдделі тараптардың (білім алушылар, жұмыс берушілер) қатысуы көрсетілмеген:

- ESG мүдделі тараптардың (әсіресе студенттердің) өзін-өзі бағалау және сыртқы бағалау үдерістеріне қатысуын маңызды деп есептейді.

2. Сыртқы сарапшылардың ұсыныстарын талдау процесі ашып көрсетілмеген:

- Ұсыныстар қалай ескерілетіні, олардың орындалуы қалай бақыланатыны баяндалмаған.

3. Алдыңғы бағалау нәтижелерімен байланыстың болмауы:

- ESG стандартына сәйкес, келесі сыртқы бағалауға дайындық барысында алдыңғы процедурадан кейінгі прогресті бағалау қажет, бұл бөлімде ол көрініс таппаған.

САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Қорытынды.

1. Ұсынылған университеттің Сапаны ішкі қамтасыз ету жүйесіне талду нәтижелерімен мұқият танысу әрқайсымызға осы оқу жылында өтетін 50 ББ аккредиттеу процедурасын табысты өткізуге көмегін тигізеді деген үміттеміз.
2. Аккредиттеу процедурасынан соң осы талдау нәтижелерін аккредиттеу сарапшыларынан алынатын ұсыныстармен қоса университеттің Сапаны ішкі қамтасыз ету жүйесін үздіксіз жақсартуға қолданымыз.
3. Сапаны ішкі қамтасыз ету жүйесін жетілдіру үшін әр стандартқа жауапты вице ректордың жетекшілігімен жұмыс топтарын құру қажет.

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің менеджменті 4-Қосымша

ESG стандарттары	Процестер	Жүзеге асырушы құрылым	Басқарушы әкімшілік және алқалық ұйымдар	Ішкі нормативтік құжаттар
1. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат Стандарт: Білім беру ұйымдарының сапаны қамтамасыз ету үшін жұртшылыққа қолжетімді және олардың стратегиялық менеджмент бөлігін құрайтын саясаты болуы керек. Ішкі мүдделі тараптар бұл саясатты сыртқы мүдделі тараптардың қатысуымен тиісті құрылымдар мен процестердің көмегімен әзірлеуі және жүзеге асыруы тиіс.	1.1 Университеттің сапа саласындағы саясаты 1.2 Университеттің сапа саласындағы мақсаттары 1.3 Университеттің жоспарлау жүйесі 1.4 Білім сапасын іштей қамтамасыз ету жүйесі 1.5 Академиялық адалдықты қамтамасыз ету	СДРКБСО СДРКБСО СДРКБСО ӘЖҰБ	Ректорат, Сенат, Басқару кеңесі, Оқу-әдістемелік комитет, Стратегиялық даму және сапа комитеті, Факультеттердегі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялар	Академиялық саясат (4. бөлім), Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің Жарғысы, Ахмет Ясауи университетінің Стратегиялық даму жоспары, Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу және іске асыру ережесі, Факультеттегі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесі